

# Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№ 11(491) 25 қыркүйек 2020 жыл

## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

### ТҮРКИЯНЫҢ ӨКІЛЕТТІ ЕЛШІСІ ОҚУ ОРДАМЫЗДА

Түркия Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Уфук Экиджи мен Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы Али Рыза Ақынжы еліміздің аймақтарын аралау барысында Түркістан облысына іс-сапармен келді.

2 БЕТТЕ

### ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстан халқына арнаған жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауы» 2020 жылдың 1 қыркүйек күні Парламенттің кезекті сессиясының ашылуында жариялады.

3 БЕТТЕ

### ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ

Университетімізге сонау 1997 жылдары Сейдулла Садықов Алматыдан арнайы шақырылды. «Журналистика» мамандығының ашылуы журналист, ғалым С.Садықовтың келуімен тығыз байланысты. Журналистика кафедрасының алғашқы меңгерушісі болған Сейдулла Садықов университетте журналистика мамандығының негізін қалап, дамуына ерен еңбек сіңірді.

4 БЕТТЕ

### АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ МАХАББАТ ҰҒЫМЫ

Абай Құнанбайұлының көзқарасында әлемде сансыз жаратылыстар болса, соның ішінде адам жаратылысының мақсат-мұраты көп әрі ұлы екені ұғындырылады. Яғни мұнда ақын жаратылыстарға берілген нұғметтер мен олардың критерийлеріне қарап Алла тағаланың адамға деген махаббаты ерекше екенін түсіндіргісі келеді. Тіпті кейбір жүрегі толық Алла тағалаға арнаған ислам ғалымдары мұндай жаратушының махаббатына «Сенің (Алла) нұрың да қош (көркем), нарың (от) да қош» деп, Алладан келген әрбір істі ризалықпен қабылдаған.

5 БЕТТЕ

ЖОЛДАУ

## «ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ»

1 қыркүйек күні Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауын жариялап, елімізді одан әрі дамыту бойынша стратегиялармен таныстырды.

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұжымы Жолдауды тікелей эфирде тыңдады. Жолдауда мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру, жаңа заман талаптарына сәйкес экономикалық даму, ауылшаруашылық саласы, ғылым мен білім, шағын және орта бизнесті, қаржы секторын және қазақстандықтардың әлеуметтік жағдайын арттыру секілді бірқатар бастамаларды көтерді.

Жолдауда айтылған басым бағыттардың бірі – білім саласы. Президент Қ.К.Тоқаев 2021 жылдың қаңтар айынан бастап мұғалімдердің еңбекақысын 25 пайызға көтерілетіндігін, жалақы мөлшері алдағы уақытта да арта беретіндігін жеткізді. Сондай-ақ, Президент қашықтан білім беру жүйесін жетілдіруді тапсырды.

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ президенті Болатбек Абдрасилов Жолдауда ауқымды мәселелер қамтылғандығын, білім мен ғылым, қашықтықтан білім беру жүйесіне қатысты бірнеше тапсырмалар бергендігін атап өтті. Ғылымды қаржыландырудың және қолдаудың маңызды көзі – ірі кәсіпорындардың, әсіресе, шикізат саласындағы



компаниялардың тапқан табысының 1%-ын ғылым мен технологияны дамытуға берілуі ғалымдарға, жас ғалымдарға үлкен қолдау екендігін атап өтті.

Сонымен қатар, Жолдауда қазіргі індеттің салдарынан студенттеріміздің қашықтықтан білім алып жатқандығы, толыққанды оқу процесінде қажетті барлық функцияларды бар бірыңғай онлайн платформасының дайындалатындығы маңызды міндет жүктейді.

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ I вице-президенті Женгиз Томар Құрметті Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауда өте маңызды пікірлер мен бастамаларды айтты. Сапалы білім беру саласында нақты реформалар,

мұғалімдердің жалақысының өсуі, ғылымда халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, еліміздің дамуына үлес қосу маңызды екендігін айтты. Жыл сайын әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында 500 ғалымның тағылымдамадан өтуді қамтамасыз етуді, сондай-ақ «Жас ғалым» жобасы аясында зерттеу жүргізу үшін 1000 грант бөлінетіндігі айрықша қуантарлық жағдай екендігін айтты.

Елімізде ғылымды дамыту жөніндегі арнаулы бағдарламалық құжаттардың дайындалуының басты міндеті – ұлттық деңгейдегі нақты мәселелерді шешуде ғылымның әлеуетін пайдалану болып табылады.

## ТҮРКИЯДАН ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК КЕЛДІ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті кеңесі Түркия елінен университеттің Клиника-диагностикалық орталығына медициналық құрал-жабдықтар жіберді. Келген көмек негізінен медицина қызметкерлерінің қорғаныш құралдары мен тазалыққа қажетті заттар. Жалпы құны 20 млн теңгенің төңірегінде.

Гуманитарлық көмекті оқу орнымыздың президенті Болатбек Абдрасилов пен I-вице-президент Женгиз Томар, Клиника-диагностикалық орталықтың бас дәрігері Осман Ажар бастаған мекеме қызметкерлері қабылдап алды.

Университет ректоры Болатбек Абдрасилов бауырлас екі елдің алтын көпірі болып отырған университет клиникасының халыққа жоғары деңгейде жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін құрал-жабдықтарды жіберген Түркиядағы Өкілетті кеңес төрағасы Мұхиттин Шимшекке ризашылығын білдірді. Сонымен қатар, пандемия кезінде халыққа қызмет еткен клиникамыздың қызметкерлеріне, дәрігерлеріне де ұжым атынан алғыс айтты. Алдағы уақытта клиниканың әлеуетін арттыруда жан-жақты жұмыстардың жүргізілетіндігін жеткізді.

Айта кетейік, Клиника-диагностикалық орталығында Covid-19 індетінің өршуінің салдарынан 12.06.2020 жылдан бастап 30 төсек орнында провизорлық бөлім ашылып, 200 адам вирусты пневмониямен емделіп шықты. Провизор бөлімінде 16 дәрігер қызмет атқарды. 2020 жылдың 26 тамызынан бастап провизорлық бөлім жабылды.

Университетіміздің I-вице-президент Женгиз То-



мар бүгінгі шараның маңыздылығына тоқталып, алдағы уақытта да клиникамыз заман талабына сай қажетті құрал-жабдықтармен жаңартылатындығын атап өтті. Клиника-диагностикалық орталығының бас дәрігері Осман Ажар клиника-диагностикалық орталықтың алдағы жоспарларымен таныстырып, орталық қызметкерлері тәжірибе алмасу мақсатында еліміздегі және Түркиядағы медицина мекемелерімен тығыз қарым-қатынасты орнатуды жандандыратындығын жеткізді.



## АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

## Түркияның Өкілетті Елшісі оқу ордамызға келді

Түркия Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Уфук Экиджи мен Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы Али Рыза Акынжы еліміздің аймақтарын аралау барысында Түркістан облысына іссапармен келді. Сапар барысында түркі балаларын ортақ шаңырақ астында басын қосып, білім беріп отырған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетімен танысу мақсатында арнайы ат басын бұрды. Қонақтар университет қызметкерлері және оқытушы-профессорлар құрамымен кездесті.



Аталған жиын университетімізде де бастау алды. Оқу орнымыздың ректоры Болатбек Абдрасилов университеттің жеткен жетістіктері, тарихы және атқарылып жатқан жұмыстарымен қонақтарды таныстырды. Сондай-ақ екі елдің достығының белгісі болып табылатын оқу ордамызға Түркия тарапының көрсетіп жатқан қолдауларына ерекше тоқталып өтті.

Түркия Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Уфук Экиджи: – Бұл менің Түркістанға алғашқы рет келуім. Алдын Нұр-Сұлтан қаласында Болатбек Серікбайұлымен танысқан болатынмын. Бұл жолы екі елге ортақ университетімізді жақыннан көріп, ұстаздармен танысу үшін

арнайы келіп отырмын. Мынау жұқпалы індет болмағанда бәлкім көпшілікті көріп, студенттермен жақынырақ танысар едім. Дегенмен де бұл соңғы кездесуім емес деп үміттенемін. Пандемиядан кейін көбірек келуге тырысамын және студенттеріміздің қажеттіліктерін қамтамасыз етуге барынша атсалысамын. Бұл сапарда мен ерекше толқып тұрмын, ата жұртымыздағы бауырларымыз бізді құшақ жайып қарсы алды. Университет басшылығына үлкен алғысымды білдіремін, — деп ыстық ықыласын білдірді.

Университет басшысы құрметті қонақтарға салтымыз бойынша шапан жауып, сыйсияпат көрсетті.

## АБАЙ МҰРАСЫ ЖАЙЫНДА ҚАЗАҚ-ТҮРІК ҒАЛЫМДАРЫ БІРЛЕСКЕН ОНЛАЙН-СЕМИНАР

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркология ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырған Абайдың туғанына 175 жыл толуына орай қазақ-түрік ғалымдарымен бірлескен онлайн-семинар өтті. Ғылыми семинардың модераторы профессор, доктор Женгиз Томар семинардың маңызы жайында сөз қозғап түркі жұртына ортақ тұлғаға айналған Абай мұрасы жайында айтылатын пікір мен зерттеулердің құндылығы күн өткен сайын арта түскенін жеткізді. Ғалымдардың басын біріктірген кең көлемді семинарда Ахмет Ясауи университетінің Өкілетті Кеңес төрағасы Мухитдин Шимшек, Анкарадағы Қазақстан Республикасының Елшісі Абзал Сапарбекұлы, ТҮРКСОЙ-дың Бас Хатшысы Д. Қасейінов, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің президенті Б. Абдрасилов құттықтау сөз сөйлеп, Абай мұрасының өміршеңдігі мәңгі екенін, таусылмайтын рухани азық, құнарлы нәр, асыл қазына екенін жеткізді. Бұл шараға қатысушылар Абайтанушы ғалымдар болғандықтан маңызды тұжырымдар мен концепциялар күтуге болатынын айтып, ғалымдарға сәттілік тіледі.

Түркі халықтары мәдениетінің бірлігі ретінде Қазақстанның Түркиядағы Елшілігі, Қазақстан мен Түркия мәдениет министрліктері, ТҮРКСОЙ ұйымы бірлесіп ұйымдастырған Абай әндерінің концертінен үзінді көрсетіліп, Абайдың «Көзімнің қарасы»

әні шырқалды.

Онлайн-семинардың келесі бөлігі Түркология ғылыми-зерттеу институтының директоры, профессор Булент Байрамның модераторлығымен ғылыми баяндамаға жалғасты. Ғылыми шарада «Абай Құнанбайұлының өнерге көзқарасы» атты баяндамасымен Памуккале университетінің ғалымы, профессор, доктор Нергис Бирай, «Абай философиясындағы жан мен тән категориялары» тақырыбында Шәкәрім атындағы Семей университетінің ғалымы, профессор Қ.Әубәкір, «Екі ақын әкенің болашаққа деген көзқарасы: Фикрет пен Халук, Абай мен Әбдірахман» тақырыбында Анкарадағы Қажы Байрам Вели университетінің ғалымы доцент Джамила Кнаджы, «Абайдың әдеби мектебі» тақырыбында Шәкәрім атындағы Семей университетінің доценті Ж.Әубәкір, «Абай философиясындағы толық адам» тақырыбында Мугла Сытқы Кочман университетінің доценті Екрем Аян ғылыми зерттеулерімен бөлісті.

Абай мұрасы арқылы қазақтың әдебиетін, мәдениетін, тарихын, философиясын, сондай-ақ қазақ халқының құндылықтарын насихаттауға бағытталған семинар соңы түрлі сұрақтар, ой-толғаныстармен қорытындыланды.

Түркология ғылыми-зерттеу институты

## РЕКТОРҒА «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНА 25 ЖЫЛ» МЕДАЛІ ТАБЫСТАЛДЫ



Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 25 жыл толып отыр. Осыған орай, ұлтаралық татулықты насихаттауда елеулі үлес қосқаны үшін университетіміздің ректоры Болатбек Серікбайұлы Абдрасилов «Қазақстан халқы Ассамблеясына 25 жыл» және «Қазақстан Конституциясына 25 жыл» мерейтойлық медальдерімен марапатталды. Медальдарды Облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Ғани Рысбеков табыстады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде әлемнің 19 елінің жастары мен 40-тан астам ұлт пен ұлыс өкілдері білім алуда. Түркі тілдес әлемді рухани біріктіруші білім беру орталығы ретінде Ахмет Ясауи университетінің маңызы өте зор.

## ТҮРІК МӘДЕНИЕТІМЕН ТАНЫСЫП ҚАЙТТЫ



GoTurkey бағдарламасымен 5.09-16.09.2020 аралығында медицина факультетінің студенттері Түркияға барып қайтты. Сапардың мақсаты — студенттердің кәсіби біліктілігін арттыру және Түркия мемлекетінің мәдениетімен танысу, тіл курстарын оқу.

Бағдарламаға Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Астана медицина университеті, Қарағанды мемлекеттік медицина университеті, Семей қаласының мемлекеттік медицина университеті, Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеттерінен жалпы саны 20 студент (бакалавр және интерн студенттері) қатысты.

Бағдарлама жетекшісі — ХҚТУ вице-президенті Ү.Үмбетов. Бағдарлама координаторы — Медицина факультетінің «Жалпы медицина» мамандығы бойынша 5-курс студенті Ш.Қанат.

Бағдарлама аясында студенттер түрік тілі курстары (тіл курстарын Филология факультетінің аға оқытушысы Молдатаев Қанат өткізді) және Ақдениз университетінің жетекші мамандары арқылы студенттер хирургиялық кейстерді дәрігер рөлінде шешіп, дұрыс диагноз қоюды және сонымен қатар коммуникативті дағдылар бойынша жаттығулар жасады. Морфология, патология және қан-тамыр жүйесі, тыныс алу жүйесі және ас қорыту жүйесі бойынша семинарлар кәсіби біліктілігіне байланысты мастер-класстар өтілді. Студенттер Түркия мемлекетінің Стамбул, Анталья қалалары және Каппадокия мен Памуккале сияқты інжу маржандарымен танысты.

Сонымен қатар Шахмардан Есенов атындағы фонд және Конрад Аденауэр фондының стипендиаты Қанат Шамсудин аталмыш фонд стипендиясын және тағы басқа гранттарды қалай жеңіп алу туралы семинар өткізді.

Бағдарлама соңында студенттер өткен материалдар бойынша тест тапсырды. Барлық қатысушыларға ХҚТУ вице-президенті Ү. Үмбетов сертификаттар тапсырды.



## «ҚОЛЖЕТІМДІ ӘРІ САПАЛЫ БІЛІМ»

Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Халқына Жолдауын 2020 жылдың 1-қыркүйегінде «Білім күнімен» тұспа тұс келген күні жасады. 11 бөлімнен тұратын Жолдауының мазмұнын Халыққа таныстырып отудың алдында Президент елдегі болған індет кезіндегі Қазақстан халқының ынтымағы мен өзара бірлескен көмегінің нәтижесін жоғары бағалап, осы бағытта талмай еңбек еткен мамандарға шексіз алғысын білдірді. Бұл Президенттің елмен бірге әлемдік пандемияны еңсеруде жұдырықтай жұмылып әрекет етіп, халықпен бірге болғандығын білдіреді. Алдағы уақыттарда да бұл індеттің толықтай жойылып кетуі үшін әлі де болса сақтық шараларын тоқтатпау керектігін ескертті.

Жолдау мазмұнындағы 11 бөлімнің ішіндегі педагог қауымын аса қызықтырғаны: «Қолжетімді әрі сапалы білім» деп аталатын V-бөлім болып табылады.

Коронавирус індетінің салдарынан дүние жүзіндегі мектеп оқушылары мен студенттердің басым көпшілігінің қашықтықтан оқуға көшкендігін айта отырып, мұғалімдер мен жоғары оқу орындарының оқытушыларының да қиыншылықтарға тап болғандығын жіті бақылауда ұстағанын айтты. Әйтсе де, білім саласы мамандарының осы қарбалас кезеңде нағыз ерлік көрсетіп, белсенді әрекет еткен аза-

маттар қатарынан табылғандығын ескертті. Үкімет тарапынан көптеген кемшіліктерді: интернет желісінің елдегі ахуалының бұл құбылысқа дайын еместігін, ауылдағы отбасыларының әлеуметтік жағдайы мен зайырлы мемлекетте өмір сүрсе де зайырлылыққа лайықты жағдайының болмай шығуы, мамандар дайындығының қысқа уақытта өзгермелі жағдайға бейімделуіндегі қиыншылықтарды, ата-аналар сауаттылығы мен мұғалімге деген көзқарастарын тізбектей сипаттауы Президентіміздің елдің ішкі жағдайымен толыққанды хабардар болып отырғандығын көрсетеді.

Сондықтан да, Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы уақытта сапалы білім алу үшін білімгерлердің сабаққа қатысып, мұғалімдермен, сыныптастарымен араласуының орны бөлек екенін айта отырып, санитарлық талаптарды сақтай отырып, білім алудың қалыптасқан дәстүрлі тәсіліне көшудің тәртібін әзірлеген жөн деп нақты айтты. Мұндай ұсыныстың берілуі елдегі індеттің бетінің бері қарағанынан дерек беріп, аурудың едәуір басылғанын айғақтағандай үміт береді. Сол себепті, докторантура мен магистратура оқитын білімгерлер сабақтарын дәстүрлі жүйеде оқыту арқылы нақтылы ғылыми-зерттеу тәжірибелеріне үйрету тиімді болар, сірә. Дегенмен де, сақтықта қорлық жоқ екенін ескерер болсақ, алдағы

дәрігерлердің ескеріп отырған келесі толқынығын алдын алу үшін әлі де күте тұрғанымыз жөн болар деп ойлаймыз.

Сондықтан, Президентіміздің шектен тыс қағазбастылық пен есеп берулерді шектеп, сапаға жұмыс жасау идеясын толықтай қолдаймыз. Оқушылар мен студенттерге, мұғалімдер мен оқытушыларға сенім білдіре отырып жұмыс істеуге көшуіміз керек.

Жолдаудағы ұстаздар жалақысының 2021 жылдан бастап өсуі ұстаздар еңбегін ынталандыра түсері анық. Халқымызда «Аш бала тоқ баламен ойнамайды» деген нақыл сөз бар емес пе? Қарны аш болып жүрген ұстаз елдің болашағы үшін шығармашылық істерге күш жұмсап, ізденеді дегенге кім сенеді? Алаңсыз ел болашағы үшін еңбек ету үшін ел тізгініндегі азаматтар да ұстаздар қамын жеп, олардың әлеуметтік мәселелерін елдің әлеуметтік мәселелерімен қатар қоя білуі керек. Өйткені, ел мен елді, халық пен халықты теңестіретін – білім. Ал, оны іске асыратын маман – ол, ұстаздар қауымы.

Осыны жететүсінген Президентіміз 2021 жылдан бастап мұғалімдердің жалақысын 25%-ға өсіруді көздеп отырғанын, кейінгі жылдарға да біртіндеп жалақының өсіп отыратынын айтуы ұстаздар қауымына үлкен үміт силады.

Жолдаудағы тағы бір

маңызды мәселе – халықтың денсаулығын сақтауға байланысты жоспарларының көңілден шығуы. Осы жолғы індеттің таралуы мен оны тоқтату жолындағы күресте көп нәрсенің беті ашылғаны жасырын емес. Осы жолда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің алдын алу шаралары мен жазалау шараларына қатаңдық танытуы өте орынды болды деп есептейміз. Салауатты өсір салтын насихаттау мен дені сау халқы бар мемлекет қана ертеңгі күнге үлкен үмітпен қадам басады. Салауатты тәнде ғана салауатты жан болатынын ескерсек, денсаулық пен білім бір-бірімен байланысты құбылыс екендігін түсінеміз.

Еліміздің болашағы үшін білім, денсаулық және тәртіптің алдыңғы қатарға назарда болуы маңызды. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы бағыттағы ұстанған саясаты дұрыс, көпшіліктің көкейінде жүрген ойларды деп басып, халықты тура жолмен бастап келе жатыр деп ойлаймыз. Ендігі жерде сол жоспарлаған ойларын жүзеге асыруда көпшілік қолдау білдіреді деп үміттенеміз және біз қашанда қолдауға дайынбыз.

**Қалипа Тұрсынқызы Атемова**  
Педагогикалық ғылымдар кафедрасының профессоры,  
п.ғ.д.

## ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ

Жолдаудың басым бөлігі экономикалық және әлеуметтік мәселелерге арналды. Өз кезегінде Президент тиісті министрліктер мен құзырлы органдарға кезек күттірмейтін көптеген шұғыл шараларды қолға алуды тапсырды. Оның ішінде 5-10-25 бағдарламасы аясында халықтың ең басты кезек күттірмейтін мәселесі ретінде тұрғын жаймен қамтамасыз етуді басты назарда ұстауды атады.

«Біз шындықты халықтан жасырмаймыз» деп жасалынған Мемлекет басшысының дәстүрлі Жолдауының бұрынғы жолдаулардан ерекшелігі еліміздің әлемдегі болып жатқан дағдарыстан кейінгі кезеңдегі негізгі даму мақсаттары жайында айтылғандығында.

Әрине, халық арасында алаңдаушылық жоқ емес - бұл кезең жұртшылыққа оңай тимегені анық. Кейбір азаматтар жұмысын жоғалтып, табыссыз қалды. Ойға алған жоспарларын өзгертуге мәжбүр болғандар да бар. Сол үшін халық арасында алаңдаушылықтың жоқтығы және бір-біріне сенім қалыптастыруға мән берумен, үлкен

моно қалаларда халықтың көшіп-қону процесінің тежелуі салдарын қалыптастыру мен оны түзеу жағдайына қыруар қаржы бөлуді қарастыруды үкіметке тапсырды.

Президенттің бұл тапсырмалары ең алдымен балабақшадан, мектеп жасындағы балалардың әлеуметтік, құқықтық және де материалды экономикалық жағдайына көңіл бөлуді, мұқтаж балаларды қамқорға алуды, сондай-ақ мектеп ұстаздарының айлық ақысын 25% ға жоғарлатуды тиісті құзырлы ведомстволарға табыстай отырып алдағы басым бағыттарды айқындап берді.

Президент еліміздегі экологиялық ақуалға қатаң түрде көңіл бөлуді нақтылады.

Жасыл аймақ бағдарламасының жаңаша бағытын құруды, жыл сайын әр өңірге 5000 нан астам жасыл желек орналастыруды, оған қатысты мекемелердің жемқорлыққа бой алдырмауын қадап айтты.

Құқық қорғау жүйесіне тиімді реформалуды жүзеге асыруды, Қоғамдық бірлікті дамыту, КВА-ЗИ мемлекеттік секторлардағы тазалықты жандан-

дыруды, стратегиялық маңызы бар автокөлік жолдарын жөндеу мен оған бөлінген қаражаттарды жымқырған түрлі заңды тұлғаларға тосқауыл қоюды, оған қолдау көрсетіп отырғандармен күресті күшейту жолдарын жетілдіруді, сонымен қатар мемлекет деңгейінде экологиялық акциялар өткізу, «Таза Қазақстан», «Бірге» деген ерекше бір ұсынысты тапсырмаларын атады және болып жатқан қауіп-қатер мен зілзаланың алдын алу мақсатында «Төтенше жағдай министрлігін» қайта құруды атады.

Жолдауда ғылым мен білім салаларына оңтайландыру жасауды ұсынды, соның ішінде теориялық және әдіснамалық зерттеулері мен олардың нақты нәтижелерін зерделеп көру арқылы ғылыми қорымызды толықтыруды және еліміздегі жас ғалымдарға арналған гранттарды дұрыс ұйымдастыруды міндеттеді. Аталған тапсырмаларды орындау баршаның міндеті және ел ертеңіне қызмет ету.

**Асқат Ералыұлы Есеналиев**  
заң ғылымдарының кандидаты, доцент

## ЖАҢА ПЛАТФОРМА БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРАДЫ

Оңтүстік Қазақстан газетінің 2020 жылғы 1 қыркүйек күнгі санында Тельман Бейсеновтың «Жаңа платформа білім беру сапасын арттырады» атты мақаласы жарық көрді.

Парламент палаталарының бірлескен отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев дағдарыс жағдайында атқарылатын жұмыстарға тоқталып, төрт ай бойы қалыпты өмірді тағатсыздана тосқан халықтың көкейіндегі сауалдарға жауап берді.

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті де коронавирус індетінің салдарынан қашықтан оқуға көшті. Жасыратыны жоқ, Президент айтқандай, бұл білім берудің тәсілі мен мазмұнын түбегейлі өзгертті. Алайда, мен қызмет ететін оқу орны бұрыннан қашықтан білім беруге дағдыланған. ZOOM-мен дәріс беріп, студенттермен тығыз байланыс орната алдық. Алайда, шалғай ауылдардағы студенттер аудан орталығына келуге мәжбүр болды. Осындай кезде Президенттің толыққанды оқу үдерісі үшін қажетті барлық функциялары бар бірыңғай онлайн білім беру платформасын шұғыл әзірлеуді тапсыруы осы түйткілдердің түйінін тарқатары сөзсіз. Платформаның әзірленуі білім беру сапасын жетілдіре түседі.

Президенттің: «Алдымызда күрделі әрі ауқымды

міндеттер тұр. Соларды табысты жүзеге асыру үшін тың тәсіл, жаңаша ойлау, жалпыұлттық ынтымақ және өзара қолдау қажет. Біздің стратегиялық бағытымыз айқын, түйткілді тұстарымыз бен кемшіліктерімізді жақсы білеміз. Оның жемісті жүзеге асуы әрқайсымызға байланысты. Баршамыз өз-өзімізді дамытуға күш салуымыз керек», - деген сөзі әрқайсысымызға ой салды деген ойдамын. Шынында да, заман талабына сай тұлғаға айналу, әсіресе жастардың, заманның көшіне ілесіп, цифрлық жүйеге бейімделіп өсуі ел ертеңінің дамуына әсер етеді. Сондықтан бүгінгі жастардың осындай алмағайып заманда да сапалы білім алып, саналы болуы үшін мемлекеттің жанталаусы, жағдай жасауы, мүмкіндіктерді пайдалануы, соның бәріне дер кезінде кірісуі мені оқытушы, ата-ана және қоғамның бір мүшесі ретінде қатты қуантты.

**Тельман БЕЙСЕНОВ**





## ӘРІПТЕСТЕР ӘЛЕМІ



Сапар ағай кабинетімізге бір келгенінде әңгімемізді диктафонға жазып алған екенмін. Өкінішке орай сұхбатымыз аяқталмай, қалды.

Сапар ағай ұлағатты ұстаз, ғалым. Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне, ұлт болашағына арнады. Ол тіл тарихын тереңнен толғап, айтуға жалықпайтын-ды. Ол кісімен жолыға қалсаң әңгіме өзінен-өзі ағытылып кете беретін. Әр сөйлескенде түр-лі тақырып қозғап, ағай міндетті түрде осы төңірегінде сұхбат жасайық деп келіскенмен уақыты болмай, кейін шегірле беретін. Мына жалған дүниеде қу тіршілік біткен бе. Сапар ағамыздың ғұмыры қысқа екендігін кім білген. Елді дүрліктірген індеттің құрбаны болып, ағамыз келмес сапарға аттанып кете берді.

— Ағай, қай жоғары оқу орынын тәмамдадыңыз?

— Мектеп бітірген соң тас қалаушы болып жұмыс істедім. Құрлысымын, 3-дәрежелі тас қалаушы деген куәлігім де бар. Әскерде міндеттік борышымды өтеп келіп, Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға түстім. Сол 1979 жылы ҚазМУ де алғаш рет араб тілі бөлімі ашылды. Сол бөлімнің алғашқы түлектері біз болдық. Дүниеде ең қиын тіл деп қытай тілін айтады. Бірақ олай емес. Қытай тілін 1-курстың баласы да сөйлей береді. Ол тілдің қиындығы иероглифін жаттау, менің шамамда. Ал араб тілінде сөйлеу де, жазу да, оқу да қиын. «Араб тілі, қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша оқуға 25 бала түскенімен, 17 бала бітірдік. Мырзахмет, Зікірия, Сания бәріміз бір топтың түлектеріміз. Нағима мен Гүлімжан апайларың бізбен қатар «қазақ тілі» мамандығында білім алды. Бәріміз бір патокта оқыдық.

— Нағима апай екеуіңіздің жұптарыңыз жазылмай жүреді. Екеуіңіз қызу әңгіме айтып бара жатқандарыңызді жиі байқаймын. Сырттан қарап тұрып үйде, жұмыста да бірге жүреді, әңгімелері таусылмаған жандар деп қызыға қарайтындардың

## АЯҚТАЛМАҒАН СҰХБАТ

қатарында өзіміз де бармыз.

— Нағима қазақ тілі бөлімінде білім алды. Лениндік стипендия алатын. Апайың бейнеткеш жан. Тіл тарихын жақсы зерттеушісі. Бірақ өзін олай бағаламайды. Еңбектерін жинап жариялайық дсеп, «қоя берші» деп көңіл бөлмей жүр. М.Томанов деген үлкен ғалымның шәкірті болды. Аспирантурада оқыды. Бірақ мен Алматыда тұра алмадым. Ауылға аңсарым ауып тұратын. Сонымен ауылға көшіп кеттік те, аспирантурадағы оқуы қалып қойды. Кейіннен ізденуші болып кандидаттық қорғап алды. 2 ұл, 2 қызды өсіріп тәрбиеледік. Туған туыспен қатынасы өте жақсы. Екеуіміз ұрыспаймыз да, соған уақыт та жоқ. Бітпейтін тіршілік. Жаман адам емес қой, - деп сөзінің соңын жеңіл әзілімен бітірді.

— Бірге оқып, отау құрам деушілерге не айтасыз?

— Жасыратыны жоқ, мен студенттерге парталастарыңды алмай-ақ қойыңдар деймін.

— Неге?

— Бірге оқығанда бірінші дос болып жүресің. Содан айтқандарын істетіп үйреніп қалады да, өктемдеу болады. Апайың соған үйреніп кеткен, мен де мән бермеймін (күліп).

Ия, Сапар ағай жан жары жайлы ашылып айтпаса да, ол кісіге дейін құрметі көрініп тұратын.

— Қанша кітап шығардыңыз. Қазір не жайлы жазып жатырсыз?

— Кітап жаздым деп 5-10 данадан шығарып алып айта беретіндер жоқ емес. Ондай кітаптарды есепке алмасам, толыққанды екі кітап шығардым. Әулетіме қатысты көркем шығарма жазып жатырмын. Мен туылған жылы әкем өмірден озыпты. Қыркүйектің 2 жұлдызында, сапар айында дүниеге келген екенмін. Анам айтып отыратын Сапар айында дүниеге келген сәби «әкем сапар, шешем сапар немесе өзім сапар» дейді екен. Үш адамның

біреуі қайтпас сапарға атанады деп. Осыны қазақ салт қылып алған. Арабша «сапар» деген жол дегенді білдірсе, арабша сапар деген жұлдыздың да атауы бар (параққа жазып екеуінің айырмашылығын көрсетіп жатыр). Мен қазір осыны зерттеп түйгенім бойынша сапар айы жылжып отырады-ау деймін. Міне қазіргі жазып жатқан еңбегімде осы да айтылады.

— Латын әліпбиіне өтуге қалай қарайсыз?

— Мен Орхон-Енисейді қолдаймын. Орхон-Енисей ислам дінінің келуіне байланысты дамымай қалды. Бұрынғы жазудың үш аты бар: қадым, шағатай, түркі дейді. Осы үшеуі бір тіл. Бізді қыпшақ тіліне жатады дейді. Араб халқы 22 мемлекет. Бір-бірін түсінбейді. Сөйте тұра олар, арабпыз дейді. Жолыққанда бір-біріне «қай елденсің?» деген сұрақ қояды. Әр елде оларда екі тіл бар. Бірі жергілікті халықтың сөйлейтін тілі де, екіншісі жалпы құран тілі. Олардың бақыты құран араб тілінде түсті. Егер білімді, сауаты бар адамдар кездессе құран тілімен түсінеседі.

Ал біздің түрік халықтары түрікпен деп айтапайды. Түркия түріктерінің өзі түрік емес. Олардың халқы османлар. Османлар халифаты. Ататүрік түрік боламыз деген соң, ел-жұрты соны қабылдады.....

Осы жерден сұхбатымыз үзіледі. Ағайдың телефоны шырылдап, жиналыс басталғалы жатыр деген шақырту алып, асығып шығып кетті. Міне, сұхбатымыздың бары осы. Сапар ағайдан байқағаным әңгіме барысында тарихқа, әдебиетке қарай ойысып кете беретін еді. Жеке басы, біреу туралы сөйлегенді ұнатпайтын, ер мінезді кісі еді.

Бұл соңғы кездесу боларын кім ойлаған. Көктеммен ілесе келген індет, барлық жұмысты тоқтатып тастады. Жұмысқа түскенімізде біраз жанмен кездеспедік.

Эльмира АРТЫҚБАЕВА

## СЕЙДОЛЛА

Оқу ордамызға 1997 жылдары Сейдулла Садықов Алматыдан арнайы шақыртылады. «Журналистика» мамандығының ашылуы университетке осы кісінің келуімен тығыз байланысты. Журналистика кафедрасының алғашқы меңгерушісі болған Сейдулла ағай университетте журналистика мамандығының негізін қалап, дамуына ерен еңбек сіңірді.

Профессор Сейдолла Садықовты бұрыннан танимын. «Оңтүстік Қазақстанда» қызмет істейтінмін. Бөлім меңгерушісімін. Әрі республикалық газеттердің бірінің облыстағы меншікті тілшісімін. Сейдолла Түркістандағы университетте жұмыс істейді. Екеуіміз Шымкентте кездесіп қалдық. Шашлыкханада отырып сұхбаттастық. Ол кезде кандидаттық диссертацияны жазуды енді бастаған кезім. Сейдолланы тыңдадым. Өзім де талай нәрсені біліп алдым.

Кейін қызметімді Алматыға ауыстырып, солай қарай кеттім. Біраз жылдар бір-бірімізден көз жазып қалдық. Жер домалақ. Күндердің күнінде мен де Ахмет Ясауи университетіне оқытушы болып келдім. Содан бері «бір



терінің пұшпағын» илеп келе жатырмыз.

Мен өмір бойы редакцияларда жұмыс істеп келген адаммын. Ғылыми-педагогикалық қызметті Түркістанға келгенше сырттай ғана білетінмін. Ішкі «кухниясынан» хабарым аздау. «Қайсысынан үйренсем екен», деп жалтақтағаным рас. Өзімнен 2 жас кіші Сейдолла бар екен. Менен тура 10 жас кіші Бекжігіт Сердәлі бар. Ол кезде Бекжігіт жастау. Оны шал деу қиянат. Сондықтан Сейдолланы «кішкентай шал» деп атап кеттім. Ол мені «үлкен шал» деп атап кетті. Өзіліміз жарасады.

Сол профессор Сейдолла Садықовтың үйінде бүгін жиын. Туған күні келіп қалыпты. Құран оқытып, өруақтарға «құдайға шүкір» демекші. Әркім әртүрлі айтып жатыр. Біреулер 69 ға келіпті десе, екіншілері жетпіске толып қалыпты, деп шапанын арқалап жүр.

Сейдолланың «құдайға шүкір» дейтініндей бар. Жастау кезінде Мәскеуде аспирантураны тәмамдады. Мәскеуде кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап қайтты. Өл Фараби атындағы ҚазМУ-да қызмет істеді. Тәжірибесін шыңдады. Түркістандағы АхметЯсауи университеті ашылғанын естігенде қатты қуанды. Елге жақындайын деп, осында келді.

Түркістанға оқытушы болып келгенімде Сейдолла Ташкент пен Түркістанның арасын «жол» қылып жүр екен. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізгенше тыным таппайтын жақсы қасиеті бар. Ақыры ташкенттік профессорлардың «миын ашытып» жүріп докторлық диссертациясын сәтті қорғап алды. Қазір «кішкентай шал» да, «үлкен шал» да Түркістанда. Бірге жүреді. Екеуі де Ахмет Ясауи университетінің Журналистика кафедрасында профессор.

Бәріміз Сейдолланың еңбекқорлығына қайран қаламыз. Ғылыми жоба дейтіні бар. «Қағаз кеміреді» де жатады. Оқу құралы дегендерді жастанып жатады. 15 кітап жазып тастапты. ...

«Құдайға шүкір» дейтініндей бар Жан жары - Жаннасы да филология ғылымдарының кандидаты. Қазір Түркістан облыстық ішкі істер департаментінің маманы. Ал ұлы Ысқақ әке жолын қуып журналист болып жүр.

Сейдолла інім нағыз шаршамайтын ғалым. Нағыз идеяларды қарша борататын журналист. Ниет қабыл болсын, Сәке! 100 жасаңыз!

Қуандық ОРАЗБЕКҰЛЫ,  
Қазақстанның Құрметті журналисі



## АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ҚАРА СӨЗДЕГІ МАХАББАТ ҰҒЫМЫ

Абай Құнанбайұлының көз-қарасында әлемде сансыз жаратылыстар болса, соның ішінде адам жаратылысының мақсат-мұраты көп әрі ұлы екені ұғындырылады. Яғни мұнда ақын жаратылыстарға берілген нығметтер мен олардың критерийлеріне қарап Алла тағаланың адамға деген махаббаты ерекше екенін түсіндіргісі келеді. Тіпті кейбір жүрегін толық Алла тағалаға арнаған ислам ғалымдары мұндай жаратушының махаббатына «Сенің (Алла) нұрың да қош (көркем), нарың (от) да қош» деп, Алладан келген әрбір істі ризалықпен қабылдаған.

Абай Құнанбайұлының ұғымындағы махаббат баршаға белгілі ғашықтық сезімімен өлшенбеген. Оның мәні Жаратушыға деген сезім аясында өрбиді. Дүниеге ынтықтық болу, ғылымға ден қою, ақыл парасатқа жету, әділетті болу, шариятқа амал ету, т.т. Міне мұның барлығы Хақты тану, яғни пендені жаратқан Жаратушы арқылы тануды негізге алады. Сондықтан Абай өзінің ойшылдық мұрасында махаббат ол жұртшылыққа мәлім мағынада емес, философиялық мәнде, әсіресе, Аллаға ғашықтық және Алланың заңы деген ауыр жүктерді арқалаған арнаулы термин ретінде қолданған деген пікірлер орынды.

Бұл пікірді ақынның мына өлең жолдары да растай түседі: Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті. Рас, Жаратушы ие адамзатты бір мәні судан жаратты, олай болса сені жартақан иені сен де сүй. Ал сүйіспеншілік бүгінде анаға, отанға, балаға, т.б. демек, Жаратушыға болған сүйіспеншіліктің бір тамшысы ғана болмақ. Себебі алғаш өзіңді жа-

ратушыны сүй, соң өзгеге деген махаббат берік болады. Алайда бүгінде «махаббат» сөзінің ұғымы тарылып қалғандай. Тіпті қандай махаббатқа да сену күмәнді болып тұрғандай?! Мұның бастысы, Жаратушыны сүйе білмеу, өзгені де сезім арқылы сүюден арылтады дегенге саяды.

Міне, Абай Құнанбайұлы Жаратушының осындай адамға деген асыл сезімінің қаншалықты маңызды әрі қажетті екендігіне ерекше мән береді. Сол арқылы адамды өзге жаратылыстармен салыстыра келе оның олардың иесі екенін және асыраушысы болатынын, қажетіне жаратып, пайдалануға болатынын қара сөзде (38 қара сөз) былай атап өтеді: «Хайуандарды асырайтұғын жансыздарды еті ауырмайтын қылып, жан иесі хайуандарды ақыл иесі адам баласы асырайтын қылып, нәм олардан махшарда сұрау бермейтұғын қылып, бұлардың нәммасынан пайда аларлық ақыл иесі қылып жаратқан. Адам баласынан махшарда сұрау алатұғын қылып жаратқандығында нәм ғадаләт нәм махаббат бар».

Өмірде біреу өзі қызығатын ісіне өте мұқият қарап, соған барынша махаббатпен мейірлене жұмыс жасайды. Бұл жаратқанның жанында түкке тұрғысыз. Десе де, Алла тағаланың адамды қалай жаратқанына қарап, Оның пенделеріне деген махаббатын көкірегі ояу жандар ешбір себепсіз түсінсе екен. Қараңыз: «Адам баласын құрт, құс, өзге хайуандар секілді тамақты өз басымен алғызбай, ыңғайлы екі қолды басқа қызмет еттіріп, аузына қолы ас бергенде, не ішіп, не жегенін білмей қалмасын деп, иісін алып ләззаттанғандай қылып, ауыз үстіне мұрынды қойып, оның үстінен тазалығын байқарлық екі көз

беріп, ол көздерге нәзіктен, зарардан қорғап тұрарлық қабақ беріп, ол қабақтарды ашып-жауып тұрғанда қажалмасын деп кірпік жасап, маңдай тері тура көзге ақпасын деп, қаға беруге қас беріп, оның жүзіне көрік қылып, бірінің қолынан келместей істі көптесіп бітірмекке, біреуі ойын біреуіне ұқтырарлық тіліне сөз беріп жаратпақтығы махаббат емес пе? Кім өзіңе махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?».

Адамзат баласын махаббатпен жаратпаса Жаратушы осы жолдардағы хайуаннан артықшылығын көрсетер ме еді? Хайуаннан артық болған екі қол ғана емес, ас ішудегі сезім мүшелері, көрік беруші қастан өзге танығанын сөз етсін деп тілді беру, сол арқылы біріне-бірі ойын айтып жеткізуі де адамзатқа деген нағыз махаббаттың көрнісі емесе пе? Олай болса әрі қарай нағыз шынайылық «Кім өзіңе махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?» дегені кім жақсылық жасаса, сен де оған жақсылықпен жауап беруің қарыз емес пе? дегені адамзат баласына айтылғаны айдан анық.

Абай ақынның «Адам баласынан махшарда сұрау алатұғын қылып жаратқандығында нәм ғадаләт нәм махаббат бар» деген тұжырымын абайтанушы А.Омаров былайша түсініктейді: Баршаға аян, ажал әлді мен әлсіздің, кінәлі мен кінәсіздің, жазықты мен жазықсыздың арасына айырма қоймайды. Бұл нені білдіреді? Адамның рухы мөңгі, сол себепті Құдай тағала абсалютті Әділеттілікпен шығаратын сот жазасын кейінге қалдырады дегенді білдіреді. Азғана кінәлер бұл фәниде де жазалануы мүмкін, бірақ ауыр

қылмыстар, мысалы, имансыздық, кісіні өлтіру және біреуге қиянат жасау, о дүниеде – махшарда қаралатын істер. Ғұламаның «ғәделәт бар» дейтіні сол. Абай ойының тереңі екі дүниенің бірдей қамтылуынан көрінеді.

Бұл тұжырым ақынның махаббат сөзімен тіркескен ғадаләт ұғымынан Алла тағаланың кемелдігін, әділдігін, Оның заңдарының да адамзат баласы үшін жасалғандығын көрсетеді. Олай болса үшінші тірек еткен ұғымдағы әділдікті де Жаратушының негізгі критерийлерінің бірі деп білуіміз қажет.

Біз бір істі жасағанда оны толығымен орындауымыз бірінші кезекте өзіміздің көңілімізді толтырады. Ал толық нәтижеге жете алмай, кішкене кемшіліктер болғанда көңіліміз өз ісімізге дәл алдыңғыдай болмайтыны ақиқат. Енді мұнда Абай Құнанбайұлы айтқысы келіп отырған мына әлемге мейір-махаббатпен, адамның тек жақсылық атаулы үшін жаратылғанын шынайы көңілмен түсіне білу де әуелі сол Алла тағаланы махаббатпен тану жолынан бастау алатынын жеткізген. Бұл мақсатқа басқа жолдармен жету, әлгіндей көңілі толық толмайтын жанның ісіне ұқсас болады. Сондықтан жаратқанды махаббатпен тани алсақ, жаратылғандарды да Оның махаббатынан туындаған бір шеберлік деп қабылдап, оларға зиян беруден де аулақ болған болар едік.

**Батыржан ТЕМІРХАНОВ,**  
Дінтану кафедрасының магистрі.

## ҰСТАЗ нәм САЗГЕР

Ғалым, журналист, сазгер, еңбек сіңірген ұлағатты ұстаз, әке. Осының бәрі бір бойынан табылатын сегіз қырлы, бір сырлы Бекжіт ағамыз 60-тың асуына жетті.

ҚазҰУ-дің журналистика факультетін 1987 жылы бітірген Бекжіт Сердәлі қалалық аудандық газеттердің тілшісі болып еңбек етеді. Содан, Қ.А.Ясауи халықаралық қазақ-түрік университетінде журналистика мамандығы ашылғалы ұстаздық етіп келеді. Кафедра меңгерушісі болып біраз жылдар мамандыққа басшылық жасады. Осында жүріп кандидаттық қорғап, профессор дәрежесін алды. Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының академигі, Аймақтық Менеджмент Академиясының академигі, «Қазақстанның мәдениет қайраткері» атанды. 80-нен астам ғылыми мақалалар, 3 монографияның және «Ұлт журналистикасының ұлықпаны», «Журналшы жазбалары», «Шаттық ұялаған шаңырақ», «Әнім – әлемім», «О, махаббат!» «Танымал өннің тарихы», «Сөз айттым, құлақ ассаң» кітаптарының авторы.

Ғылымның жолына түскен ағамыз қаншама елімізге танымал шәкірттерді тәрбиелей отырып, шығармашылықтан да қол үзбеді.

«Бекең, барлық өнерді меңгерген, Адамгершілік қасиеті жоғары, жан-жағына шуағын шашып жүретін кісі. Шәкірттеріне өз баласындай жаны ашып, ақылын айтып, көмегін беріп жүреді. Үлкен кіші демей кеңесін беріп, ақылын аямайды. Нағыз зиялы қарапайым, менмендігі жоқ жан» - дейді әріптесі, әрі «Айқын» газетінің тілшісі Тельман Бейсенов.

«Маған кезіккен адам: «сіз танымал әндердің авторысыз, бақытты шығарсыз», – дейді. Біз ауылда жүргеннен кейін танымалмыз деп айта алмаймыз. Танымал болуға да ұмтылмаймыз. Өйткені танымалдықтың түсінігі қазір басқа деңгейде. Танымал болу үшін міндетті түрде Астана, Алматы сияқты ірі қалаларда тұруы керек. Өйткені танымал болуға онда мүмкіндік көп» – деп айтқанындай Бекеңнің өзінен гөрі әні қазақтың жалпақ даласына әлдеқайда танымал.

Сендерге әрдайым орын бар -

Ақ отау төріне қоныңдар.

Ақ тілек – батамыз, мінеки:

Бақытты болыңдар, болыңдар! – деп келетін қайырмасы бар өн әрқайсымызға таныс. Осы өннің авторын біреу білсе, біреу білмей жатады. Бұл Бекжіт ағайды танытқан өн. Ш ы ғ а р м а л а р ы н ы ң ішіндегі «Жас жұбайлар», «Неге, неге», «Түркістаным – Тұраным» әндерін білмейтін адамдар кемде-кем шығар. Жақында Түркістан облыстық мәдениет және халық шығармашылығы орталығының «Ұлттық мұра жаршысы» атты айдарымен деректі фильмнің тұсау кесері өтті. Осы деректі фильмде Бекжіт Сердалының «Неге, неге» өніне түсірген клиптің тұсауы кесіліп, көрерменге жол тартты.

«Қарап отырсақ, біздің тек таңдаулы деген әндеріміз ғана халыққа жетіп жатады екен. Демек, бізде өз әндеріміздің жақсы-жаманын іріктеп алуға мүмкіндік бар. Біздің көркемдік кеңесіміз – халық», - дейді аға. Халық арасынан шыққан сазгерді елі осылай құрметтеп жатыр.

«Өз кәсібін жанындай сүйген адам қашанда бөріне үлгереді. Адамда тыным болмау керек. Бір сәт те тоқтап қалуға болмайды. Тоқтағаның – тоқырағаның» - дейді ұстаз. Онысы рас қазіргі цифрландырылған заманда Бекең соңғы техникаларды, компьютерді жетік меңгерген, үнемі ізденіс



үстінде жүреді. Ия, осындай ұстаздан білім, тәлім-тәрбие алып отырған шәкірттері де белсенді.

Ынтымағы жарасқан Бекжіт ағаның отбасында 3 қыз, бір ұлы өсіріп тәрбиелеп отыр. Жары мектепте ұстаздық етеді. Педагогтардың отбасы қазіргі таңда ұлын ұяға, қызын қияға қондырған ата-әже.

Сізді, асқаралы 60 жасымен құттықтай отырып, зор денсаулықпен шығармашылық табыс тілейміз. Ізгі армандарыңыз бен алға қойған мақсаттарыңыз орындала берсін!

**Эльмира АРТЫҚБАЕВА**



## ГАЗЕТТИҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ



### Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığı'ndan Türkistan'a Tıbbi Yardım 17 Eylül 2020



Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığı tarafından Covid-19 salgını nedeniyle gönderilen tıbbi yardımların üniversitemize ulaşması münasebetiyle 11 Eylül 2020 Çarşamba günü Türkistan yerleşkesinde bulunan Tıp Fakültesi Hastanesi önünde bir tören düzenlendi.

Rektör Prof. Dr. Bolatbek Abdrasilov, Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar ve Tıp Fakültesi Başhekimi Dr. Osman Acar'ın katılımları ile gerçekleştirilen törene hastane personeli ve idareciler de katıldı. Törende ilk konuşmayı yapan Prof. Dr. Abdrasilov, kardeş iki ülkenin dostluğuna vurgu yaparak, salgın sürecinde hastane olarak verdikleri hizmetler hakkında bilgi verdi. Prof. Dr. Abdrasilov, Türkiye'nin tıbbi yardımının Türkistan halkı için önemini belirterek bu konuda yoğun çaba sarf eden Mütevelli Heyeti Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek'e teşekkür etti.

Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar ise yaptığı konuşmada, Covid-19 salgınının bütün dünyada büyük olumsuzluklara yol açtığı bu zor günlerde Türkiye ve Kazakistan arasında işbirliği ve yardımlaşmanın en üst düzeyde devam ettiğini ifade etti. İki ülke arasında eğitim alanındaki işbirliğinin en önemli numunesi olan üniversitemizin sağlık alanında da Türkistan halkına hizmet verdiğinin altını çizerek bugün de Mütevelli Heyeti Başkanlığı tarafından gönderilen sağlık malzemelerinin Türkistan'a ulaşmasından dolayı duyduğu mutluluğu dile getirdi. Bu sebeple başta Mütevelli Heyeti Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek'e ve T.C. Sağlık Bakanlığı'na teşekkür eden Tomar "Tıp Fakültesine yeni atanan Başhekimimizle Türkistan halkına daha güzel hizmetler sunmayı hedefliyoruz" dedi.

### Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Milli Savunma Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Erhan Afyoncu'yu ziyaret etti.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Milli Savunma Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Erhan Afyoncu'yu ziyaret etti.

Ziyarette Ahmet Yesevi Üniversitesi ile Milli Savunma Üniversitesi arasında yapılacak faaliyetler ve ortak işbirliği konuları görüşüldü.

Ziyaret sonunda Milli Savunma Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Erhan Afyoncu, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek'e ziyaretleri için teşekkür etti.



### Ahmet Yesevi Üniversitesi TÜRTEP 2020-2021 Güz Dönemi Oryantasyon Toplantısı yapıldı 17 Eylül 2020

Ahmet Yesevi Üniversitesi, Türkiye Türkçesi ile Eğitim Programları Araştırma ve Uygulama Merkezi (TÜRTEP) 2020-2021 Güz Dönemi Oryantasyon toplantısı 14 Eylül 2020 tarihinde online olarak gerçekleştirildi.

Toplantıya Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek başta olmak üzere TÜRTEP Başkanı Prof. Dr. Halil İbrahim Bülbül, Genel Sekreter Ahmet Şevki Zengin, TÜRTEP Başkan Yardımcısı Doç. Dr. Mustafa Kale, TÜRTEP İdari Birim Çalışanları ve TÜRTEP Danışman Öğretim Üyeleri katıldı.

Açılış konuşmasında Türkiye'de uzaktan eğitim konusunda öncü bir kurum olduklarını söyleyen Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Ahmet Yesevi Üniversitesinin uzaktan eğitim uygulamasıyla öğrenci ve öğretim elemanlarının mekân engelinin kaldırdığını ve bu uygulamaları ile uzaktan eğitim alanında Türkiye'de âdeta bir marka haline geldiklerini belirtti. Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Danışman Öğretim Üyelerine uluslararası bir devlet üniversitesinde eğitim vermenin ayrıcalığını yaşayacaklarına dikkat çekti.

Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek TÜRTEP'e katılan yeni danışman öğretim üyelerinin bilgi ve deneyimlerinden azami derecede yararlanmanın öncelikli hedef olarak belirlendiğini söyleyerek, danışman öğretim üyelerinin TÜRTEP'i daha ileriye götürme noktasında yapılacak çalışmalarında üniversitemizin yoluna ışık tutacağına inandığını belirtti.

2020-2021 öğretim yılında TÜRTEP'e katılan Danışman Öğretim Üyelerine, TÜRTEP Uzaktan Eğitim Bilgi Sistemiyle ilgili bilgiler, Prof. Dr. Halil İbrahim Bülbül tarafından verildi.

Oryantasyon toplantısında, Danışman Öğretim Üyelerine İnternet Tabanlı verilecek olan eğitimde yapılması gereken işlemler hakkında bilgi paylaşımı yapıldı ve danışman öğretim elemanlarının soruları yanıtladı.



### Ahmet Yesevi Üniversitesinde 2020-2021 Eğitim ve Öğretim Yılı'nın İlk Online Konferansı Yapıldı 11 Eylül 2020

Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkoloji Araştırmaları Enstitüsü tele-konferansları kapsamında Muğla Sıtkı Koçman Üniversitesi Öğretim Üyesi Prof. Dr. Adnan Çevik 10 Eylül 2020 Perşembe günü "Anadolu'nun Türkleşmesinin Siyasi, Sosyal ve Kültürel Boyutları" konulu bir konferans verdi.

Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar'ın da katıldığı konferansın moderatörlüğünü Prof. Dr. Yüksel Çelik yaptı. Konferansın açılış konuşmasını yapan Prof. Dr. Çelik, yeni dönemde Türkoloji Araştırmaları Enstitüsü Müdürü Prof. Dr. Bülent Bayram ile "Türkoloji Konferansları" adı altında bir dizi akademik etkinlik planladıklarını ifade ederek ilk konuşmacıyı takdim etti.

Prof. Dr. Adnan Çevik ise sunumunda, Anadolu'nun Türkleşmesinde göç ve demografik değişim olgularının önemine, kırsaldan kentlere doğru Oğuz-Türkmen kitlelerin iskan süreçlerine, Selçuklu Çağı'nda Anadolu'nun cazibe merkezi haline gelmesine, Moğol İstilasının Anadolu'nun Türkleşmesine olumlu katkılarına, Selçukluların göç-iskan siyaset ve organizasyonundaki başarılarına, sosyal bir patlama olarak Babai İsyanı ve sonuçlarına, nihayet üç asırlık bu dönemin Osmanlı Devletini doğuran sürecin altyapısını nasıl şekillendirdiğine temas etti. Ardından sözü Türkiye Cumhuriyeti Kültür Bakanlığı'nın desteği ve Cumhurbaşkanı Sayın Recep Tayyip Erdoğan'ın himayelerinde yürütülen "Malazgirt Savaş Alanı'nın Tespiti: Tarihi ve Arkeolojik Yüzey Araştırması Projesi"ne getiren Prof. Dr. Çevik, yürütücüsü olduğu proje kapsamında farklı disiplinlerden otuz bilim insanı ile Malazgirt Savaşı'nın yapıldığı meydanı belirleme, orduların karargâh, strateji, lojistik imkânları ve mümkünse şehitliklerini tespit, modern teknik imkânları kullanarak bunların animasyonlarının yapılması ve döneme ait kalıntıların gün yüzüne çıkarılmasını hedeflediklerini ve bu proje kapsamında savaş arkeolojisi alanında referans niteliğinde Anadolu'nun Kilidi adlı bir eser ortaya koyacaklarını dile getirdi.

Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar yaptığı kapanış konuşmasında, Ortadoğu'daki mevcut durum üzerinden göçlerin siyasi ve sosyal belirleyiciliğinin hala devam ettiğinin altını çizdikten sonra, değerli sunumundan dolayı Prof. Dr. Çevik'e, tüm katılımcılara ve organizasyonda emeği geçenlere teşekkür etti.



## КЛИНИКА-ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



**Осман Ажар**

Клиника - диагностикалық орталығының бас дәрігері, дәрігер - офтальмолог

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің клиника-диагностикалық орталығы дамыған Еуропа елдеріндегі медициналық оқу орындарының үлгісін ала отырып, университеттің медицина факультетінің жаңа заманауи клиника-диагностикалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген мықты тәжірибелік базасы ретінде ашылған.

Басым бөлігі Түркия Республикасы тарапынан қаржыландырылған Клиника-диагностикалық орталығының құрылысы 2000 жылы басталып, 2006 жылы аяқталған. Қажетті медициналық құрал-жабдықтар Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан Түркиядан қамтамасыз етілген және технологияның соңғы үлгісіндегі құрал-саймандармен жабдықталған орталық 2008 жылдың 1-ші желтоқсанынан бастап қызмет ете бастады. Бұл құрметті міндет құрылтайшы бас дәрігер ретінде біздерге бұйырған болатын.

Клиника халыққа медициналық қызмет көрсете отырып, болашақ медицина саласына кәсіби мамандарды дайындау мақсатын көздейді.

Клиника-диагностикалық орталықтың жалпы аумағы 13223 шаршы метр жабық, 12224 шаршы метр ашық автопарк және бау-бақша алаңы ретінде салынды.

Бір ауысымда 200 адамды қабылдауға мүмкіншілігі бар емхана, 120 төсек-орынды стационар халыққа қызмет көрсетуде.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-нің Клиника диагностикалық орталығы ашылған күннен бастап ОҚО Департаментімен Түркия Республикасының тікелей

қолдауымен Түркістан қаласы және аудан халқына жоғары дәрежелі медициналық көмек көрсетіп келеді.

2017 жылы мекеме ҚР қолданыстағы заңдарына сәйкес аккредитациядан сәтті өтіп, 3 жылдық аккредиттеу туралы куәлікке қол жеткізді.

Клиникада жалпы 471 қызметкер, соның ішінде әр түрлі саладағы 86 дәрігер қызмет атқаруда. Сонымен қатар клиникада университетіміздің медицина факультетінің 3 профессоры, 10 медицина ғылымының кандидаты, 2 PhD докторанты, 5 магистратура және 9 резидентура бітірген мамандар жұмыс істейді.

Клиника-диагностикалық орталығының емханасы заманауи құрал - жабдықтармен жабдықталған: жалпы қан анализаторы, биохимиялық анализаторы, гармон анализаторы, жалпы несеп анализаторы, сонымен қоса соңғы үлгідегі магниттік-резонансты томограф, компьютерлік томограф, ультратрадыбыстық аппараттары, эндоскопиялық аппараты орнатылған.

Клиникада қазіргі таңда 6 бөлімше: хирургия, реанимация, терапия, нейрохирургия, нейрореанимация, нейроинсульт, гемодиализ, жарақат бекеті жұмыс істеуде, сонымен қатар жоғары мамандандырылған хирург, эндокринолог, кардиолог, гинеколог, травматолог, реаниматолог, проктолог, нефролог, стоматолог, нейрохирург, логопед, реабилитолог, терапевт, уролог, көз дәрігері, невропатолог, ЛОР дәрігері қызмет көрсетеді.

Сондай-ақ, операциялық блок, залалсыздандыру, эндоскопия, аудиометрия, радиология, клиникалық зертхана, патогистология, ЛФК бөлімдері қызмет атқаруда. Зертханада соңғы үлгідегі технологиялық құрал-жабдықтармен әр түрлі тесттер жүргізілуде.

Түркістан халқына тәулік бойы жедел көмек көрсететін жарақат бекеті мен еркін тіркелу компаниясының қорытындысы нәтижесінде шұғыл медициналық көмекті қажет ететін науқастарды қабылдау нәтижесінде 24018 халық амбулаториялық-емханалық көмек алуға.

Республикалық деңгейдегі орталықтармен терезесі тең тұрған ҚДО орталығы облыстық деңгейде жоғары технологиялы ота жасауға рұқсат берілген 6 мекеменің қатарында са-

налады.

ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 19 қазандағы №809 бұйрығына сәйкес Түркістан, Кентау қалалары мен Отырар, Созақ аудандарының миқан айналымының жіті бұзылулары бар науқастарға тиісті медициналық көмек көрсету мақсатында 2016 жылдың 1 сәуірінен бастап өңірлік инсульт орталығы ашылып, жұмыс атқаруда.

Сонымен қатар, Түркия Республикасының Гази, Хажеттепе және Мармара секілді университеттерімен халықаралық деңгейде біріккен мастер-класстар өткізіліп, тәжірибе алмасу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Осы мақсатта әртүрлі жылдары маңызды оталар жасалды.

2019 жылдың 8 сәуірінен 14 сәуір аралығында Түркістан облысында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті бірлесіп ұйымдастыр-

6. Гемодиализ бөлімі.
7. Ерте оңалту бөлімі.
8. Қарқынды терапия бөлімі.
9. Қайта қалпына келтіру және медициналық реабилитация бөлімі.
10. Жалпы тәжірибелік бөлім.
11. Профилактика және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімі.
12. Лабораториялық-диагностикалық бөлім.
13. Арнайы мамандандырылған көмек бөлімі.
14. Шұғыл медициналық көмек бөлімі.
15. Емхана бойынша ақылы қызмет көрсету бөлімі.

Covid-19 індетінің өршуінің салдарынан Түркістан облысы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының 05.06.2020 ж. күнгі №29 нж/қ санды бұйрығы негізінде 12.06.2020 жылдан бастап Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-нің Клиника-диагностикалық орталығы мекемесінде 30 орынды



ған «Түркия-Қазақстан денсаулық аптасы» сәтті өтті. Орталыққа келген шетел дәрігерлері науқастарды қабылдап, олардың көрсеткіштері бойынша тегін ота жасады.

Клиника штаттық бірлігі:  
Дәрігерлер - 86  
Мейірбикелер - 251  
Кіші қызметкерлер - 73  
Басқа қызметкерлер - 61  
Барлығы: 471

Бөлімдер:

1. Хирургия бөлімі.
2. Травматология бөлімі.
3. Терапия бөлімі.
4. Реанимация бөлімі.
5. Патоморфологиялық қызметтер.

провизорлық бөлім ашылып, 200 адам вирусты пневмониямен емделіп шықты, оның ішінде 17 науқаста Covid-19 оң мәнді болды.

Емхана бойынша тіркелген 133 адам мен 15 медицина қызметкері арасынан Covid-19 оң мәнді болып тіркелді. Қуантарлық жайт, қайтыс болғандар болмады.

Covid-19 індетінің сиреуінің нәтижесінде Түркістан облысы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының 20.08.2020 ж. күнгі №294 нж/қ санды бұйрығының негізінде 26.08.2020 ж. күні провизорлық бөлім жабылды.

### Құрметті Түркістан қаласының тұрғындары!

2020 жылдың 15 қыркүйегінен 15 қарашасына дейін еркін тіркелу жүріп жатқандығын хабарлаймыз. Сіздерді Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің клиника-диагностикалық орталығына тіркелуге шақырамыз.

Клиника-диагностикалық орталығы келесі медициналық қызмет түрлерін ұсынады:

1. Бейінді мамандар: нейрохирург, хирург, травматолог, невропатолог, уролог, нефролог, офтальмолог, оториноларинголог, эндокринолог
2. Диагностикалық зерттеулер: УДЗ, рентген, КТ, МРТ, ЭЭГ, ЭКГ, ФГДС
3. Клиника-лабораториялық зерттеулер
4. Үйде қызмет көрсету
5. Жоспарлы егуді жүргізу
6. Балаларды, жаңа туған нәрестелерді және жүкті әйелдерді патронаждау
7. Күндізгі стационарда емдеу
8. Тәулік бойы стационарға жоспарлы және жедел емдеуге бағыттау
9. Бекітілген аурулар тізбесі бойынша тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету
10. Еңбекке жарамсыздық парағын беру.

Біздің мекен-жайымыз: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы № 29  
Сұрақтар туындаған жағдайда мына телефонға хабарласыңыз:  
8-701-436-12-13

ӨЗ ЕМХАНАҒЫЗДЫ ТАҢДАҒЫЗ!





## БІЛІМ/ҒЫЛЫМ

## ШАМСУДИН ҚАНАТ ТАҒЫ ДА СТИПЕНДИАТ АТАНДЫ

Университетіміздің медицина факультетінің 5-курс студенті Шамсудин Қанат «Конрад Аденауэр» қорының Sur-Place жергілікті университеттерінің студенттеріне арналған жергілікті грантын жеңіп алып, стипендиат атанды. Шамсудин 4-курста Шахмардан Есенов атындағы стипендия иегері атанған болатын.

Бұл білім сайысына еліміздің түкпір-түкпірінен, түрлі сала бойынша 29 жасқа дейінгі 450 үміткер бақ сынасты. Білім сайысында 50 жас іріктеліп, Конрад Аденауэр қорының стипендиясы тағайындалды. Шамсудин Қанат Түркістан қалсынан алғаш осы стипендия иегері атанып отырған студент.

Айта кетейік, Конрад Аденауэр атындағы Қор Германия Федеративтік Республикасының саяси Қоры болып табылады. Sur-Place жергілікті университеттерінің студенттеріне арналған жергілікті гранттар бағдарламасы 2007 жылдан бастап Қазақстанның білімді жастарын қолдап, сол арқылы демократияландыру мен азаматтық қоғам құру үдерісіне өз үлесін қосып келеді.



## МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!



Мына жастар туралы айтпаса болмас. Олар саябақ сағалап, арзан қызық қуып жүрген жоқ. Білім іздейді, сол білімдерін кәдеге асырар салмақты орта іздейді. Ол ортаны тапты да - праймериз мінбері. Сондықтан тәуекелге бел бұды, бағдарламаларын ұсынды, дебатта пікір таластырды. Әйгерім Мұрат, Мәдина Қалматаева, Аружан Жағыпарқызы... Үшеуі де Ясауи университетінің студенттері. Сұлтанмахмұт ағалары айтқандай, «Қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуды» арман етеді. Саттар 23 жасында құрдастарына мәңгілік ескерткіш болар роман сыйлаған еді, бұлар қазір сол жаста. Сайлау тізіміне ілігер-ілікпес, ең бастысы, ойлары таза, бағыттары айқын. Бүгінгі жастардың да қоғам ісіне белсене араласа алатынын дәлелдейді олар әлі.

Бекжігіт СЕРДӘЛІ профессор

## НОБЕЛЬ СЫЙЛЫҒЫН АЛҒАН АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ

Нобель сыйлығын алған алғаш қазақ Достай Раманқұлов 1960 жылы Түркістанда дүниеге келген. Қазақ мектебінде білім алған. Қазір Венада тұрады. Жары Әлия екеуі екі бала тәрбиелеп отыр.

Дүниежүзінде Нобель сыйлығын алуды армандайтын ғалым жоқ шығар?!  
Нобельге тәуелсіз Қазақстанда тұңғыш ие болып, алаштың абыройын асырған дарынды ұлдың есімі – Достай Раманқұлов.

Ол – Алматыдағы Қаныш Сәтбаев атындағы Ұлттық техникалық университеттің түлегі. Ғалым еліміздің Атом энергетикасы жөніндегі агенттігі және «КАТЭП» Ұлттық атом компанияларының бұрынғы еңбеккерлерінің бірі.

Осыдан біршама уақыт бұрын дүниежүзі бойынша ядролық қауіпсіздікті сақтаудағы еңбектері жоғары бағаланып, МАГАТЭ ұжымы және оның бұрынғы бас директоры Мұхаммед әл-Барадей халықаралық Нобель сыйлығымен марапатталғаны есімізде.

Сол кезде МАГАТЭ бойынша Нобель сыйлығымен марапатталған 11 адамның ішінде біздің жерлесіміз – қазақстандық Достай Төлемішұлы Раманқұлов болды.

Сондықтан Достай Төлемішұлын Нобель сыйлығын алған алғашқы қазақ деп атасақ болады. Ғылым саласындағы әйгілі сыйлықты алушылардың қатарына Достай Раманқұловтың болғанынан елімізде атом энергетикасы саласының қаншалықты дамығанын байқаймыз.

1999 жылы МАГАТЭ-нің штатында 2212 адам жұмыс істеген. Нобель сыйлығының лауреаттығына осыншама қызметкердің ішінен Достай сияқты 11 кәсіби маман ғана таңдап алынды.

Кейбіреу айтуы мүмкін: «бұл – Достайдың ғана емес, бүкіл бір ұжымның еңбегі» деп.

Дұрыс, орынды уәж. Алайда екі мыңнан астам дүлдүлдің ішінен іріктелген таңдаулы 11 адамның қатарына қосылудың өзі



кімнің кім екенін аңғартып тұрған жоқ па?! Рас қой?

Сосын Нобельді белгілі бір топ өкілдеріне беру – әу баста қалыптасқан дәстүр. Ғылым, техника және басқа салалар бойынша бір мезгілде бірнеше адамға берілгендігі тарихтан мәлім.

Солардың бәріне «Нобель сыйлығының лауреаты» деген диплом тапсырылған. Ендеше, отандасымыздың бағындырған биігіне күмәнмен қарамауымыз керек.

Роза Шакимова.

<https://www.elana.kz/nobel-syjlyghyn>

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Қоғаммен байланыс бөлімі:  
Бекжігіт СЕРДӘЛІ  
aksari@mail.ru

Тілшілер:  
Эльмира АРТЫҚБАЕВА  
elmira\_artykbaeva@mail.ru

Сүлеймен ДОҒАН  
dgn\_s8@hotmail.com

Дизайнер:  
Мұрат ШАХАНБАЕВ

Фото мамыны: Мұхамедәлі ШЕРІ

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru